




Жаңа банкнотқа біртіндеп көшу

Жаңа банкнотта елеусіз өзгерістер бола бастағанда ескісі, жаңасы бар барлық банкноттар өзінің номиналдық құны бойынша қабылдана береді. Қандай да болмасын АҚШ валютасын кері шақырып алу, немесе құнсыздануы жоспарланбайды. Құрама Штаттар ешқашан өз валютасын құнсыздаған емес, қазір де ондай ниеті жоқ. Жаңа валютаны қолданысқа еңгізу барысында Федералдық резервтің бұйрығымен ескі валюта қалтырыла береді де банк жүйесі арқылы қайтарылып отырады. Бұл ескі сериялы ақшаны жаңа сериялы ақшаға айырбастауда уақытша болсын, қандай да іркілістер болмайды.



Валютаның жаңа дизайны жөнінде көбірек білу үшін www.moneyfactory.com/newmoney вебсайтын қараңыз.



Ақшаның жаңа түсі.
Жақсырақ қорғалған. Тиянақтылау.
Қауіпсіздеу.

Америка Құрама Штаттарының Үкіметі сыртқы өңімен қорғалымы түрлендіріп жетілдіре түскен ақша шығару жұмысын әрі қарай жалғастыруда. 2003 жылы жаңа 20 долларлық ақша еңгізілген соң, 2004 жылдың аяғына дейін жаңа 50 долларлық ақша шығарылатын болады, ал кейін жаңа 100 долларлық ақша еңгізіледі.

Түсі өзгертілген ақша жақсырақ қорғалған, тиянақтылау, қауіпсіздеу. **Жақсырақ қорғалған** – оны жалған жасау қыйынырақ және тексеруге де оңай. **Тиянақтылау** – ақша жасаудың қазіргі техникасымен қаруланған жалған ақша жасаушыларды артта алысқа қалдырды. **Қауіпсіздеу** – АҚШ валютасының тұтастығын қамтамасыз ететін қорғалуының жетілдіре түсуінде.

Жаңа ақша қағазының сыртқы түрінің ерекшелігі – әрең байқалатын түрлі бояулы тұстары бар, олар күрделеніп, жалған ақша жасағысы келетіндер үшін қыйындай түскен. Құндылығы әр түрлі ақша қағаздарының әр қайсына тән өз бояулары бар, оларды бір-бірінен айыру оңай.

Қалай болғанда да, бояуларының түрлене түсуіне қарамастан жаңа ақша қағазы бұрынғы пішінін, сыртқы өңін, көлемін сақтаған, қолға ұстағанда да әлемде кеңінен тараған, танымал, дәстүрлі американ валютасына ұқсас.


Жаңа 50 долларлық купюра “2004 жылдың топтамасы” шығарылымының екіншісі, оған сәл ғана байқалатын бояу түрлері еңгізілуімен қатар Американың мәдениеті мен болмысы қастерлеп бейнеленген. 20 долларлық жаңа купюра 2003 жылы еңгізілген, және оның өңі жасыл, шабдалы өңдес, көк түсті болып келеді, америка қыран құстары бейнеленген. 2004 жылдың аяғына айналымға шығатын жаңа 50 долларлық купюраңың екі бетінде қызыл және көк реңктер пайдаланылған. Ізінше жаңа 100 долларлық ақша еңдірледі. 5 және 10 долларлық купюралардың сыртқы өңін өзгерту өлі де қарастырылуда, 2 және 1 долларлық купюралардың сыртқы өңін өзгерту көзделмеген.

АҚШ-тың Федерал резерв және АҚШ Казначействосы экономиканы және Сіздің еңбектеніп тапқан табысыңызды қорғау мақсатымен купюраларды жетілдіре берумен шұғылдандуда. Сол мақсатпен әр 7–10 жыл өткен сайын жаңа ақша түрлерін еңгізуді жоспарлап отырмыз.



Жаңа 50 долларлық купюраның 1990 жылдары еңгізілген ең маңызды үш қорғалымдық белгісі бар: бағалы қағазға салынатын ерекше белгі, қорғаныс жібі, түстің өзгеруі – бұларды тексеру оңай.

ЖАҢА БЕЛГІЛЕР



ТҮСІ
Жаңа купюраның сыртқы түріндегі айқын өзгешелігі – купюраның екі жағынан да байқалатын қызыл және көк түстердің еңгізілуі. Купюраның екінші жағында кішігірім сары түсті “50” суреттері салынған.



ЕРКІНДІК СИМВОЛДАРЫ
50 долларлық купюраның бірінші бетінде бостандықтың жаңа символы – Америка жалауының бейнесі бар. Америка Құрама Штаттарының дәстүрлі жұлдыз-жолақты жалауы көк және қызыл түспен бейнеленген, және президент Гранттың портретінің артында басылған. Көк жұлдыздар портреттің сол жағында, үш қызыл жолақ оң жағында орналасқан. Портреттің төменгі оң жақ бұрышында металл тустес кішкентай көгілдір-құмыс жұлдызша орналасқан. Құндылығы әр түрлі ақшаның әр қайсының өзіне тән еркіндік символы бар.




ПОРТРЕТ ЖӘНЕ ВИНЬЕТКА
Купюраның бірінші бетіндегі президент Юлисс С. Грант портретінің солақша көмкеруі мен жіңішке сызықшалары, ал екінші беттегі АҚШ капитолиясы бейнеленген виньетка алынып тасталған. Портрет жоғарырақ көтерілген, ыйықтары портреттің жиегіне жеткізіле кеңейтілген. Екінші бетте виньетка тұсында қосымша белгілер қосылған.

ҚОРҒАНЫС ЖІБІ
Купюраны жарыққа ұстасаңыз жіңішке қорғаныс таспасын немесе пластик жолағын көресіз, ол портреттің оң жағын ала вертикал бойымен тартылған. Мұқият қарай бастасаңыз “USA 50” (“АҚШ 50”) сөзін және жолақтың екі жағында кішілеу жалауды көресіз. Бұл жолаққа ультракүлгін сәулесі түскенде ол сапы туспен құлпырады.

ТҮСТІҢ ӨЗГЕРУІ
Купюраның төменгі оң жақ бұрышындағы “50” санына қараңыз. Егер купюраны жоғары-төмен қозғасаңыз өзгермелі түс қызғылт мыс тарізді тустен жасылға өзгереді.

БАҒАЛЫ ҚАҒАЗҒА САЛЫНАТЫН ЕРЕКШЕ БЕЛГІ
Купюраны жарыққа ұстасаңыз бағалы қағазға салынатын ерекше белгіні немесе президент Юлисс С. Гранттың үлкен портретіндей көмескілеу ғана байқалатын бейнені көресіз. Бағалы қағазға салынатын ерекше белгі купюраның екі жағынан да байқалады.

Басқа ерекшеліктері



МАЙДА ӘРІПТЕРМЕН ЖАЗЫЛҒАН СӨЗДЕР
Майда әріптермен жазылған сөздері оқу қыйын, олар өте ұсақ. Түрі өзгертілген 50 долларлық купюраның бірінші бетінде үш жерінде. Майда әріптермен жазылған сөздер бар. “FIFTY”, “USA”, “50” сөздерін портреттің сол жағындағы екі көк жұлдыздардың бетінде табуға болады. Сол банкнотаның жанама шекарасың ішінде “FIFTY” деген сөзді бір неше рет табуға болады. “THE UNITED STATES OF AMERICA” сөздерін президент Гранттың жағасынан, оның сақалынан төмен көруге болады.



ТӨМЕНГІ ЖАҚ КӨРІНІСІ
Купюраның екінші бетінде, төменгі оң жақ бұрышында көзге оңай түсетін қомақты “50” саны көрінеді.



АҚША ҚАҒАЗЫ
Қағаздан жасалған ақшаның төрттен бірі кендір, төрттен үші – мақтадан жасалған, жіптері қызыл және көк.



ФЕДЕРАЛДЫ РЕЗЕРВ КӨРСЕТКІШІ
Портреттің сол жағындағы универсал басылым бүкіл Федерал резервнің жүйесін бейнелейді. Сол жақтағы серия нөмірінен төмендегі әріп пен сан банкнотты шығарған Федерал резервінің Банкін көрсетеді.



СЕРИЯ НӨМІРЛЕРІ
Банкноттың бірінші бетінен онбір әріптер мен нөмірлерден құралып дараланған серияны екі жерінен көруге болады. Ал ескі әрлемдірмен салыстырсаңыз, жаңа 50 долларлық купюраның бетінде сол жақтық серия номері азырақ оң жаққа жылжытылды.

Жаңа да ескі де банкноттардың бәрі өзінің номинал құны бойынша қабылданады. Америка Құрама Штаттары өз валютасын ешқашан құнсыздаған жоқ. Төменде осы кездегі айналымдағы 50 долларлық купюраның бейнесі келтірілген.

1996 жылға дейінгі ақша



1996 жылғы сериялық ақша



2004 жылғы сериялық ақша

